



ӘОЖ 82-32 (574)

ҒТАХР 17.01.91

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).163

Мутиев З.Ж., Кульбаева А.А.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан

E-mail: zinulla_mutiev@mail.ru, ainkullbaeva@gmail.com

ҚАЙЫР БЕКТҰРҒАНОВТЫҢ КӨРКЕМДІК-БЕЙНЕЛЕУШ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ШЕБЕРЛІГІ («БАБАНАЗАР ТЕРЕГІ» ӘҢГІМЕСІ БОЙЫНША)

Аңдатпа. Мақалада Қайыр Бектұрғановтың «Бабаназар терегі» әңгімесі көркемдік және философиялық тұрғыдан талданады. Шығармада уақыт пен тағдыр, өмір мен өлім, махаббат пен өкініш сынды ұғымдар терең символика арқылы өрнектелген. Автор Бабаназар терегін уақыт пен мәңгіліктің символы ретінде бейнелеп, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашады.

Мақалада шығарманың негізгі идеялары мен көркемдік құралдары, соның ішінде символизм, метафора, психологиялық параллелизм және антитеза талданады. Сонымен қатар, постмодернистік элементтер – постадам, поп-арт, сонористика және алеаторика тәсілдері қарастырылады. Бұл элементтер шығарманың дәстүрлі реализм шеңберінен шығып, терең философиялық мәнге ие болуына ықпал етеді.

Түйіндей айтқанда «Бабаназар терегі» – адамның өз шешімдері мен өткеніне ой жүгіртуі, уақыттың құндылығын түсінуі туралы терең психологиялық шығарма екендігі сараланады. Ол оқырманға өмірдің өткінішілігін, бақыт пен өкініштің нәзік шекарасын сезіндіретін әсерлі туынды болып табылады.

Кілт сөздер: көркем шығарма, символизм, уақыт пен тағдыр, махаббат пен өкініш, постмодернизм, философиялық ойлар, рухани ізденіс.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінде табиғат пен адам тағдырын сабақтастыра отырып, терең философиялық ой түйетін шығармалар аз емес. Солардың бірі – Қайыр Бектұрғановтың «Бабаназар терегі» атты әңгімесі. Бұл туынды өмір мен өлім, үміт пен шарасыздық, уақыт пен тағдыр секілді ұғымдарды шебер өрнектеп, оқырманды ой толғауға жетелейді. Жазушы қарапайым оқиға желісі арқылы адам жанының құпия қатпарларын ашып, кейіпкерлер бейнесі арқылы рухани ізденіс пен адамгершілік құндылықтарын алға тартады. Әңгімеде символдық мәнге ие Бабаназар терегі – тек табиғат элементі ғана емес, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін бейнелейтін терең философиялық образ. Қазақ әдебиетінде табиғат көріністері тек



фон ретінде емес, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашатын маңызды элемент ретінде қолданылады. «Бабаназар терегі» әңгімесінде де Бабаназар терегі – қарапайым табиғи нысан ғана емес, уақыт пен тағдырдың символы. Бұл әдеби тәсіл Мағжан Жұмабаевтың [1] шығармаларындағы табиғатты кейіпкермен тең дәрежеде көрсету дәстүрін жалғастырады.

Әңгімеде уақыт пен адамның дәрменсіздігі басты идея ретінде көрінеді. Аманай мен Талшын арасындағы қарым-қатынас тек махаббат тарихы ғана емес, сонымен қатар адамның өз шешімдеріне деген жауапкершілігі мен өткенге деген сағынышын бейнелейді. Бұл тұрғыда шығарма Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» [2] немесе Оралхан Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным?» [3] секілді шығармаларындағы махаббат пен тағдырдың өзара байланысын сипаттайтын мотивтермен үндеседі. Бұл мақалада шығарманың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері талданып, әдебиеттегі орны қарастырылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қайыр Бектұрғанов – қазақ ғылымы мен білім саласына елеулі үлес қосқан тұлғалардың бірі. Жастайынан қалада өмір сүрсе де ауыл өмірі туралы жақсы біледі. Шығармаларының негізі ауыл адамдарының өміріне құрылған. Сондай шығармалардың бірі 1978 жылы жарық көрген - «Бабаназар терегі» әңгімесі [4].

Көркем шығармадағы басты тақырыптардың бірі – уақыттың шектеулілігі мен адамның тағдыр алдындағы дәрменсіздігі. Автор адам өмірінің тұрақсыздығын символикалық бейнелер арқылы береді. Мәтінде кездесетін “бақыт – құстың ұясы” деген метафора бақыттың нәзіктігін, тұрақсыздығын көрсетеді. Бұл адам өмірінің белгілі бір сәттерінде бақытқа қол жеткізудің мүмкін болатынын, бірақ оны ұстап қалу оңай емес екенін білдіреді. Бабаназар терегі уақыт пен мәңгіліктің символы ретінде көрінеді. Бұл табиғаттың өзгермейтінін, ал адамның өмірі өтпелі екенін меңзейді. Бас кейіпкердің осы терекке қарауы оның өткеніне көз тастауы ғана емес, сонымен қатар өзінің өмірлік жолын қайта бағалауы деп түсінуге болады.

Шығармадағы басты оқиға желісі – Аманай мен Талшын арасындағы қарым-қатынас. Бұл қатынас адам өміріндегі махаббат пен тағдырдың өзара байланысын көрсетеді. Аманайдың Талшынға деген кеш оянған сезімі оның өмірлік сабақ алуының көрінісі. Талшынның «Бірақ егер түсінсең, мен адамның бақыты деген құстың тұғыры сенде болғамен, балақ бауы басқада екен... Заман да, адам да өзге, бақытты болғысы келген әр адам ол жайлы ылғи қам жеп, көзінің қарашығындай күтуге міндетті...» деген сөзі адам өмірінде шешім қабылдаудың маңыздылығын көрсетеді [5, 30 б.].

Кейіпкерлер арасындағы диалогтар арқылы махаббаттың тек сезім емес, сонымен қатар адамның шешімдері мен әрекеттеріне байланысты болатыны айқындалады. Талшын Аманайдың сезіміне жауап қайтармайды, себебі оның көзқарасы өзгерген, өмірлік тәжірибесі оған өзге жолды таңдауға итермелеген. Бұл шынайы өмірдің кейде армандармен сәйкес келмейтінін көрсетеді.

Аманайдың ішкі монологтары арқылы автор адамның өз шешімдері үшін кеш түсінетін өкінішін шебер көрсетеді. “Енді өкінгеннен не пайда!” деген сөз оның кеш түсінгенімен, өткенді өзгерте алмайтынын мойындауы. Бұл жалпы адамзатқа тән құбылыс: адамдар көбіне шынайы құндылықтарын жоғалтқаннан кейін ғана



бағалайды. Мәтіндегі психологиялық тереңдік кейіпкерлердің іс-әрекеті мен ішкі ойларында көрінеді. Аманай бастапқыда бақытты сыртқы жағдайлардан іздейді, ал шын мәнінде ол өз жүрегінің үнін тыңдауға тым кеш оянғанын түсінеді.

Зерттеу нәтижелері

Әдеби шығарманың көркемдік деңгейін көтеретін ең маңызды элементтердің бірі – көркемдегіш құралдар. Бұл шығармада метафора, символ, эпитет, психологиялық параллелизм және антитеза кеңінен қолданылған:

1. Символизм. Әңгімеде қолданылған символизм – қазақ әдебиетіндегі кең таралған көркемдік құралдардың бірі. Бабаназар терегі – өмірдің өткіншілігін білдіретін басты символ. Бұл тәсіл Шәкәрімнің «Шын бақыт» философиялық ойларымен [6, 198-220 бб.] және Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы уақыт концепциясымен [7, 5-9 бб.] байланысады.

Шығармада маңызды символдық элементтер бар, олар оқырманға оқиғаның терең мәнін жеткізеді. «Бабаназар терегі» – уақыт пен тарихтың символы. Бұл терек кейіпкердің өміріндегі өзгермейтін шындық пен тұрақтылықты бейнелейді. Аманай терекке қарау арқылы өзінің өткеніне, жіберген қателіктеріне ой жібереді. «Құс ұясы» – бақыттың нәзіктігін көрсететін метафоралық символ. Бұл кейіпкердің өмірінде бақытты сәттер қысқа болатынын, оны сақтау қиын екенін білдіреді.

2. Метафоралар. Метафора – сөздің көркемдік мәнін арттыру үшін қолданылатын тәсіл. Метафора – көркем әдебиетте үнемі қолданылып отырады. Ол – сөздің бейнелілік, суреттілік қасиетін арттыратын тіл құралдарының бірі. Соңғы жылдары әдебиеттануда метафора термині жаңа, кең мағынада қолданылып жүр [8, 140 б.].

Қазақ ақын-жазушылары шығармаларынан «Бақыт – құстың ұясы» метафорасын жиі кездестіреміз, себебі бұл терең мағыналы көркемдік құралдардың бірі. М. Мақатаев «Бақыт» өлеңінде *«Кетерінде байқамай қаласың да, Қайта айналып келмейді бақ қасыңа...»* дей келе, *бақыттың құс секілді ұшып кетуі оның тұрақсыздығын білдіреді* [9].

Шығармада бірнеше метафора кездеседі. Мысалы: *"Бақыт – құстың ұясы, егер түсінсең... Адамозан әрдайым қамқор болуға тиіс..."* – деп, бақыттың тұрақсыздығы мен нәзіктігін бейнелейді. *"Аспанмен таласа, маңғаз тұр екен"* – бұл сөйлемде Бабаназар терегінің бейнесі арқылы кейіпкердің өмірге көзқарасы сипатталады.

3. Эпитеттер. Эпитет (сипаттама) – заттың, не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз. Эпитет ұғымға, нәрсеге бейнелілік, нақтылық сипат береді [10, 232 б.]. Бұл шығармада эпитеттер кейіпкердің ішкі күйзелістерін сипаттауда маңызды рөл атқарады: *"Аманайдың талдырмаш иығына қапсыра ұстау"* – кейіпкердің шарасыздығын, жан күйзелісін білдіреді. *"Аманай бол-боз"* – оның жүдеу, өмірден түңілген кейіпін сипаттайды.

4. Психологиялық параллелизм (грек. *parallos* - қатарлас, қапталдас деген мағынада) – екі нәрсені қатарластыра, жанастыра алып бейнелеу тәсілі. [10, 161 б].

Ал психологиялық параллелизм – кейіпкердің ішкі жан дүниесін табиғат құбылыстарымен немесе қоршаған ортамен параллель түрде сипаттау тәсілі. Мысалы, Аманайдың жан күйзелісі, өкініші оның терекке қарап тұруымен беріледі:



“Аманай бір сәтке жалт бұрылып, Бабаназар терегіне көз салып еді, алып тіршілік иесі, аспанмен таласа, маңғаз тұр екен.” [5, 30 б.]

Бұл жерде терек кейіпкердің өткен өмірінің куәсі, ал оның мызғымай тұруы – уақыттың тоқтамайтынын, адамның әлсіздігін білдіреді.

5. Антитеза (қарама-қарсы қою). «Антитеза – екі қарама-қарсы ұғымды салыстыра отырып, шығармадағы негізгі идеяны айқындау тәсілі. Бұл шығармада екі түрлі кезең – өткен шақ пен қазіргі уақыт – қарама-қарсы қойылады» [8, 29 б.].

Бұрынғы бақытты сәттері мен қазіргі өкініші қатар беріледі. Аманайдың жастық шағы мен қазіргі күйі қарама-қарсы сипатталады. Мысалы: *“Талшын екінің бірінің қолы жетпейтін асыл арман секілді еді, ал қазір ол оның жанында тұр, бірақ бәрі кеш...” [5, 23 б.]*

Бұл сөйлемде Аманайдың жастық шағында армандаған адамы қасында болғанымен, оның бұл мүмкіндікті пайдалана алмауы көрсетіледі.

Шығарма терең психологиялық және философиялық мәнге ие. Жазушы көркемдегіш құралдарды шебер қолдану арқылы кейіпкерлердің жан дүниесін, олардың ішкі қақтығыстарын, өмірдің өткіншілігін, бақыт пен өкініштің арасындағы нәзік шекараны оқырманға әсерлі жеткізген. *Біріншіден*, символизм арқылы уақыт пен өмір мәні ашылады:

Екіншіден, метафоралар арқылы кейіпкерлердің сезімдері нақышталады.

Үшіншіден, Эпитеттер оқиғаның эмоционалды реңкін күшейтеді.

Төртіншіден, психологиялық параллелизм кейіпкердің ішкі жан дүниесін табиғатпен байланыстыра отырып бейнелейді.

Бесіншіден, антитеза арқылы өмірдің контрастары тереңірек ашылады.

Шығарманың негізгі идеясы – уақытында бағалай білмесек, өмір бізге екінші мүмкіндік бермеуі мүмкін деген ойға саяды. Бұл шығарма оқырманға тек махаббат туралы емес, өмірдегі әрбір сәттің қадірін түсіну қажеттілігі туралы маңызды сабақ береді. Берілген шығарма дәстүрлі реалистік бағытта жазылғанымен, онда постмодернизм, поп-арт, сонористика, және алеаторика элементтерін байқауға болады. Әрқайсысына мысал келтірейік.

1. Постадам (Posthuman) элементтері. Қазіргі заманғы дүниеге деген көқарастың, философиялық ойлардың ғылыми-техникалық жаңалықтардың әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық өзгерістер салдары мәңгілік өмірді іздеуге, өлімді жеңуге ұмтылған, адамзаттың өзгеріске ұшыраған жаңашыл тұлғасы - постадамның пайда болуына алып келді [10, 134 б.].

Постадамдық идеялар көбіне адамның ішкі әлеміндегі өзгерістерді, оның қоғам мен уақытқа деген қатынасын бейнелейді. Мысалы: Шығарманың соңында Аманай терекке қарап тұрады: *«Аманай бір сәтке жалт бұрылып, Бабаназар терегіне көз салып еді, алып тіршілік иесі, аспанмен таласа, маңғаз тұр екен» [5, 30 б.]*.

Бұл жерде адамның тіршілігі табиғатпен салыстырылып, адамның уақыт алдындағы дәрменсіздігі көрсетіледі. Терек — мәңгілік, ал адам — өткінші. Бұл адам мен табиғаттың байланысын күшейтіп, постадамдық идеяларды еске салады. Тағы бір элемент: Аманайдың санасындағы өзгерістер, оның бақыт туралы түсінігінің өзгеруі де постадамдық трансформацияны көрсетеді.



2. Поп-арт элементтері. «Поп-арт (Pop Art) – бұқаралық мәдениеттің элементтерін өнерде қолдану. Әдетте, поп-арт күнделікті өмірдегі қарапайым заттарды өнер туындысына айналдырумен байланысты». Поп – арттың негізгі идеясы – белгілі бір уақыт кезеңінде ғана маңызды лездік мағынадағы өнер түрін құру [10, 121 б.]. Мысалы: *«Бақыт – құстың ұясы»*. Бұл метафора күнделікті өмірдегі қарапайым бейнені (*құс ұясын*) философиялық концепцияға айналдыру арқылы поп-арттың ерекшеліктерін көрсетеді. Тағы бір элемент: Талшын мен Аманайдың қарым-қатынасында сезімдердің құндылығы уақыт өте келе өзгеріп кетуі – тұтынушылық мәдениеттің махаббатқа да әсер ететінін байқатады. Бұл поп-арт стиліне тән ойлау жүйесін меңзейді.

3. Сонористика (Sonoristics) элементтері. Сонористика (музыкадағы ерекше бағыт, бұл. Соноре – дыбыстау) – ол биіктікке немесе тембрге емес, жаңа музыкалық түстерді іздеуге негізделген өнердегі көркемдік бағыт. Сонористика – бұл автордың жеке «мені» көрініс табатын тембр ойындары. [11, 43 б.]. Мысалы: *«– Тек сен көз алдымнан кетпей, сол арада тұр, Талшын! Әлі-ақ бәрі жөнделіп кетеді!! – деп күбірледі»* [5, 30 б.].

Мұнда кейіпкердің күбірлеуі оның жан күйзелісін терең жеткізеді. Оқырман осы дыбыстық эффект арқылы кейіпкердің шарасыздығын, үмітсіздігін естіп тұрғандай әсер алады. Тағы бір мысал: *«Жүзің әрмен қарай бұра берген Талшын қыбыр етпестен тұра қалды»* [5, 30 б.].

Мұндағы “*қыбыр етпестен*” деген тіркес көркемдік жағынан үнсіздіктің, ішкі шиеленістің күшін арттырады. Бұл кейіпкерлер арасындағы эмоционалды қарым-қатынасты күшейтетін сонористикалық элемент.

«Көне тарихты есіне алған кейіпкер өзгеше күйге бөленеді. Жалғыз баласынан айырылған Бабаназардың мың батпан қасіреті өзінің қайғысымен салыстыруға да келмесі анық. Жалғыз тұяғын жұтқан жерге лағынет айтып кетсе де, уақыт өте қайта оралып өмір ұрығын егіп кетуінің өзі көрегендік екенін ойға алады Аманай. Екі ұдай сезімге бөленген жігіттің орын алған істің жай-жапсарына ой жүгіртіп, келіншегінің жайдарлы мінезі мен демеу болған жақсы күндерін, алғашқы отау құрған жылдарын еске түсіруін автордың тапқан оңды шешімі деп айтуға болар еді» - деп З. Мүтиев өз талдауында жақсы қорытынды жасайды [11, 160 б.].

Шығарманы қорытындылай отырып, негізгі ойды былай түйіндеуге болады:

1. Адам тағдыры мен өмірлік сынақтар – басты кейіпкер көптеген қиындықтарды бастан өткерсе де, соңғы шешімді қабылдау сәтінде оның санасына басқа ойлар келеді. Бұл адамның кез келген жағдайға бейімделе алатынын және қиындықтардан шығудың әрқашан жолы бар екенін меңзейді.

2. Өмірдің құндылығы – «Аманай бір сәтке жалт бұрылып, Бабаназар терегіне көз салып еді, аспанмен таласа маңғаз тұр екен» деген сөйлемде өмірге деген үміттің қайта оянуы байқалады. Бұл тіршілікке деген құштарлықтың қайта оралуын білдіреді.

3. Автордың басты идеясы – қандай жағдай болмасын, өмірден түңіліп, асығыс шешім қабылдауға болмайды. Өмірдің мәнін түсіну үшін сабыр сақтап, болған жайттарды байыппен саралау қажет.



Осылайша, шығарма адам жанының күрделі табиғатын, үміт пен жігердің маңыздылығын және өмірдің әрдайым таңдау ұсынатынын көрсетеді.

Қорытынды

Шығарма негізінен реализм мен психологиялық прозаның көркем үлгісі болғанымен, онда қазіргі заман әдебиетіне тән постмодернистік элементтер де кездеседі. Постадамдық идеялар арқылы адамның табиғат пен уақыт алдындағы дәрменсіздігі көрсетілген. Поп-арт қарапайым символдарды (*терек, құс ұясы*) философиялық ойға айналдыру арқылы көрініс тапқан. Сонористика кейіпкердің ішкі күйін дыбыстық тәсілдермен жеткізген.

Түйіп айтқанда Қайыр Бектұрғановтың «Бабаназар терегі» атты әңгімесі жоғарыда аталып, мысалға алынып, талданған тәсілдердің барлығы шығарманың эмоционалдық тереңдігін арттырып, оны дәстүрлі әдебиеттен ерекшелендіреді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 1-том: Өлеңдер, дастандар / Құраст.: Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

[2] Мүсірепов Ғ. Ұлпан: Роман. – Алматы: Раритет. 2006. – 256 б. «Алтын қор» кітапханасы.

[3] Бөкей О. Шығармалары. Повестер, әңгіме-хикаяттар, пьесалар. / Оралхан Бөкей. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 384 б.

[4] Бектұрғанов Қ. Бабаназар терегі. Әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1978. – 100 б.

[5] Құрақұлан Қ. Ақ Кемер: әңгімелер, шағын повестер, роман. – Орал: Ағартушы, 2009. - 368 б.

[6] Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст.: М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, / А. Құдайбердиев./ - Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

[7] Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. Құраст.: Оразақын Асқар. 3-басылым. 1-том: Өлеңдері мен дастандары. – Алматы: Жалын ЖШС, 2013. – 320 б.

[8] Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев). - Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

[9] Мақатаев М. Өмір-өзен: Өлеңдер мен толғаулар. – Алматы: Жазушы, 1979. 360 б.

[10] Райан М. Әдебиет теориясы: Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 292 б.

[11] Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө. Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын жазушыларының шығармашылық мұрасы. ХХ-ХХІ ғасырдың басы): 2-кітап. Монография. – Орал: М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2019. – Орал: Шұғыла принт, 2019. - 436 б.



REFERENCES

- [1] Zhumabaev, M. (2013). Works (Literary edition). Volume 1: Poems, Dastans (S. Zhubaniyazov, Ed.). Almaty: Zhazushy. [in Kazakh]
- [2] Musrepov, G. (2006). Ulpan: A Novel. Almaty: Raritet. (“Altyn Kór” Library Series). [in Kazakh]
- [3] Bókei, O. (2013). Works: Novellas, Short Stories, Plays. Almaty: El-Shezhire. [in Kazakh]
- [4] Bekturganov, K. (1978). Babanazar’s Poplar: Short Stories. Almaty: Zhalyn. [in Kazakh]
- [5] Kuraqulan, K. (2009). Aq Kemer: Short Stories, Novellas, Novel. Oral: Agartushy. [in Kazakh]
- [6] Qudaiberdiev, S. (1988). Works: Poems, Dastans, Prose (M. Zharmukhamedov, S. Dautov, Eds.). Almaty: Zhazushy. [in Kazakh]
- [7] Maqataev, M. (2013). Complete Collection of Works: Multi-volume Edition. Volume 1: Poems and Dastans (O. Asqar, Ed., 3rd ed.). Almaty: Zhalyn Publishing House LLP. [in Kazakh]
- [8] Dictionary of Literary Terms (Z. Akhmetov, T. Shangbaev, Eds.). (1996). Almaty: Ana Tili. [in Kazakh]
- [9] Maqataev, M. (1979). Ómir-ózen: Poems and Reflections. Almaty: Zhazushy. [in Kazakh]
- [10] Ryan, M. (2019). Literary Theory: An Introduction. Almaty: National Translation Bureau Public Fund. [in Kazakh]
- [11] Mutiev Z.Zh., Mukhanbetova Zh.O. Literary Local Studies: Spiritual Renewal of Public Consciousness (The Creative Heritage of Poets and Writers of the Oral Region. Late 20th – Early 21st Century): Volume 2. Monograph – Oral: M. Utemisov West Kazakhstan State University, 2019. – Oral: «Shugyla Print», 2019. – 436 pages. [in Kazakh]

Мутиев З.Ж., Кульбаева А.А.

МАСТЕРСТВО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННО-ИЗОБРАЗИТЕЛЬНЫХ СРЕДСТВ КАЙЫРОМ БЕКТУРГАНОВЫМ (НА ПРИМЕРЕ РАССКАЗА «БАБАНАЗАР ТЕРЕГІ»)

Аннотация. В статье рассматривается художественный и философский анализ рассказа Кайыра Бектурганова «Бабаназар терегі». В произведении через глубокую символику раскрываются такие понятия, как время и судьба, жизнь и смерть, любовь и сожаление. Автор изображает дерево Бабаназар как символ времени и вечности, раскрывая через него внутренний мир персонажей.

В статье анализируются основные идеи произведения и художественные приемы, включая символизм, метафору, психологический параллелизм и антитезу. Кроме того, рассматриваются элементы постмодернизма, такие как постчеловек, поп-арт, сонористика и алеаторика. Эти приемы придают произведению философскую глубину и выходят за рамки традиционного реализма.



В целом, «Бабаназар терегі» — это глубокое психологическое произведение о переосмыслении решений и прошлого, а также о ценности времени. Оно заставляет читателя задуматься о быстротечности жизни и тонкой грани между счастьем и сожалением.

Ключевые слова: художественное произведение, символизм, время и судьба, любовь и сожаление, постмодернизм, философские мысли, духовные поиски.

Mutiev Zinulla, Kulbaeva Ainur

QAIYR BEKTURGANOV'S MASTERY IN THE USE OF ARTISTIC AND FIGURATIVE DEVICES (BASED ON THE SHORT STORY "BABANAZAR TEREĞI")

Annotation. *This article presents a literary and philosophical analysis of Qair Bekturghanov's short story "Babanazar Teregi." The story explores themes such as time and fate, life and death, love and regret through deep symbolism. The author portrays the Babanazar tree as a symbol of time and eternity, revealing the inner world of the characters through it.*

The article examines the key ideas of the work and its artistic techniques, including symbolism, metaphor, psychological parallelism, and antithesis. Additionally, elements of postmodernism - posthumanism, pop art, sonoristics, and aleatorics—are analyzed. These techniques add philosophical depth to the story, taking it beyond the boundaries of traditional realism.

Overall, "Babanazar Teregi" is a deeply psychological story about reconsidering one's choices and past while emphasizing the value of time. It encourages readers to reflect on the fleeting nature of life and the delicate balance between happiness and regret.

Keywords: *literary work, symbolism, time and fate, love and regret, postmodernism, philosophical thoughts, spiritual quest.*